

2.2 Бейнелеу яки қазіргі ақынның «Мені»

Қазақ әдебиетінде бейнелеу, яғни метафора жайында алғаш сөз қозғаған – әдебиеттанушы Ахмет Байтұрсынұлы. «Әдебиет танытқыш» еңбегінің «Тіл көрнектілігі» бөлімінде көрнекі тіл әдістерін үшке бөліп (көріктеу, меңзеу, әсерлеу), бейнелеуді меңзеу әдісіне жатқызып: «Бейнелеу – бір нәрседе болмайтын күйді екінші нәрседе болатын күйді көрсететін сөзбен айту», – деп айтады. [126, с. 27]

Ғалым жеті түрлі мысал келтіреді. Нұржан Наушабаевтың, Сүгір мен Шернияз өлеңдерін және «Ер Тарғыннан» алынған мысалдардан бейнелеудің «метафора» екендігіне көз жеткіземіз:

«Науша би Есенғазы жаңа тауым,
Сүбіқанқұл сұнқар еді алған бауын.
Қожамжан Жантемір мен төсін ашып,
Билікке салушы еді омырауын»;
«Анаңыз қиналады кетеді деп,
Қайсы қыз шырағыма жетеді деп.
Көшкенде, көштің көркі – көгершінім,
Қадірі кетсе мұның өтеді деп». [126, с. 28]

Айта кететін бір жайт, Ахмет Байтұрсынов бейнелеу мен бернелеудің ұқсас екенін айтып: «Бейнелеу де, бернелеу де екі ұқсас нәрсенің бірін-бірінің орнына айтудан шығады», – деп, бейнелеу ұлғайса бернелеуге айналатынын ескертеді. [126, с. 31]

Метафора «Сөз өнерінде» де тілге тиек етілген. Зейнолла Қабдолов көркемдеуіш құралды ауыстыру деп атап, оған «сөз мәнін өңдендіре өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты ақындай, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау; сөйтіп, суреттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту» деген анықтама береді. [127, с. 219]

Мысал ретінде Махамбет атамыздың толғауын келтіреді:

«Мен – тауда ойнаған *қарт*

Марал

Табаным тасқа тиер жеп,
Сақсынып шыққан қиядан...

...Мен бір шарға ұстаған

Қара балта едім:

Шабуын шаппай кетілдім,
Қайрасаң тағы жетілдім...»

Зәки Ахметов те бейнелеу құралы жайында өз пікірін айтқан екен. Ғалым метафораның кейбір түрлері теңеуге жақын екенін айтып: «Бірақ метафорада теңеудегідей екі нәрсені теңеп, салыстырудан гөрі олардың арасындағы ұқсастық-жақындықты, сезім-әсер жалғастығын тірек ету басым болады», – деп, мысалды Абай, Мағжан аталарымыздың өлеңдерінен келтіреді:

«Көздің жасы, жүректің қаныменен

Ерітуге болмайды ішкі мұзын»;

«Ақын – жел, есер, гулер жүйрік желдей,

Ақын – от, лаулап жанар аспанға өрлей.

Қиялы, жан, жүрегі – ойнаған от,

Ақынды аласұртар, тыныштық бермей». [128, с. 227-228]

Ғарифолла Есімнің метафора жайында мына бір сөзі бір мақалада келтіріледі: «Қазақ халқының философиясы – метафоралық философия. Метафораның философиялық мәнісі – әлі жете зерттелмеген мәселе. Метафоралық философияда мынау ақ, мынау қара деп ашып айтпайды. Мұнда сөз тұспалдап білдіріледі». [129]

Жоғарыда келтірілген ғалымдардың пікірін оқи отырып жасайтын түйініміз – метафоралы поэзия қазақ әдебиетінде бұрыннан келе жатқан өзіндік өрнегі, ұлттық нақышы бар ерекше бір көркем дүние.

Рымғали Нұрғали Махамбет атамыздың «Мен тауда ойнаған қарт маралына» талдау жасап: «Тұтас суретті бөлшектеп көрейік: тау, қарт марал, табан. Тау – биіктіктің, өрлеудің, мәңгіліктің тұлғасы, табиғаттың өзі. Қарт марал

– тіршілік еңкейген шақтағы адам өмірін еске түсіреді. Марал – сұлулық іспеттес. Қарт марал дегенде жаңа ұғым туғандай: сфинкс, кентавр сияқты. Перзент десе ішкен асын жерге қоятын қазақтар кейбір сәтте сәбидің табанынан сүймей ме? Қысқасы, құбылыс пен бейне арасындағы қат-қабат күрделі байланысты көргендейміз. Нақтылықтан абстракцияға, абстракциядан нақтылыққа өту жолы аңғарылады», – деп «қарт марал» метафорасы өлеңдегі рөлінің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. [130]

Қазіргі қазақ поэзиясында метафора әуелгі рөлін жоғалтпай, керісінше дәстүр бойынша дамып, дәуіріне қарай жаңарып та жатқанын байқауымызға болады. «Күрделі жасалған әдемі метафора, суреттелген әр бейне, сипат өз мағынасының шеңберінен шығып, айтылған, көрсетілген жайлар арқылы тасада тұрған, туралап айтылмаған көп жайларды айқын андап сезінуімізге мүмкіндік береді», – дейді Зәки Ахметов [131, с. 20].

«Ақын деген – жауатын қар тамызда.

Ақын деген – атылған оқ ауыздан.

Ақын деген – халқы қажет еткенде,

өзін өзі құрбандыққа бауыздау.

Бізді ақын деп ойлайды-ау ел, сірә, осы.

Ақын деген – жұлдызданған Түн Есі.

Ақын деген – талма тұсы ғаламның.

Адамзаттың ең сұрапыл күресі.

Ақын деген – жұмақта да мұң кешу.

Ақын деген – тылсымданған үббе-су.

Ақын деген –

– Ойдың көзі арқылы

бар тіршілік иесімен тілдесу.

Ақын деген – қайыршының мұңдасы.

Ақын деген – Дүниенің Күн-Басы.

Ақын деген – ғарыштан да тым қашық.

Ақын деген – Тәңірінің құрдасы!» – деп Тыныштықбек Әбдікәкімұлы ақынға бейнелі бағасын беріп, әрі қарай тағы:

«Бізді ақын деп ойлайды-ау ел...

Бәрі – аңыз.

Ақын деген мүлде бөлек Сана-Абыз.

Біз – өз тілін қаламұшқа айналтқан қаламсабы ғанамыз...» деп астарлы көп нүктесін қояды. Дәл осы жерде де Рымғали Нұрғали айтқан нақтылықтан абстракцияға ауысуды көріп тұрмыз: ақын ақынға нақты-нақты метафоралы анықтама беріп, соңғы шумақта бұл ақынның ел білетін ақын емес, басқа, яғни Сана-Абыз екенін айтып «біз соның қаламсабы ғанамыз» деп аяқтайды. Өлеңдегі метафоралы тіркестер ақынды жекелеме де, жалпылама да жан-жақты сипаттап, бірін-бірі толықтырып, тұтас бір бейнені құрайды.

Қытай жерінде жаңашыл ақын ретінде мойындалған Мұрат Шаймаран өз өлеңінде мынадай бір бейнелеуді қолданады:

«Жұлдыз – үтір,

Күні – нүкте жыраудың;

Қиылған ай арасынан мұнардың,

Белгісіндей көрінеді сұраудың».

Не үшін үтір, нүкте, сұрау белгісімен бейнелегенін ақын: «Қай сауалың қинамады, енді өмір, // Жауап іздеп байланады шер көңіл, // Жапан кезген диуанамын мен де бір...», – деп түсіндіреді.

Ал, ақын Нұрлан Мәукен бейнелеуді жыраулар дәстүріне сай қолданады:

«Әйтеуір бір өтіп жатқан өмірмін.

Сәті келсе өртейтұғын көмірмін,

Нәті келсе қаритұғын темірмін»;

«Өзен бол да, теңіз бол.

Жалқы бол да, егіз бол...

Теңіз бол да, терең бол.

Болат бол да, берен бол...»;

I жақта айтылатын, II жаққа арналатын бейнелеудің мұндай түрлері жыраулар поэзиясында көптеп кездесетіні белгілі. Ақын Нұрлан Мәукен сонау жыраулар дәуірінен келе жатқан бейнелеу үрдісін ұтымды пайдаланып, өзіндік «Менін» айрықша сипаттайды: алдымен, адамның бір өмір екенін айтып, соңынан өмірдің қалай өтетінін бейнелегендей.

Ал Серік Ақсұнқар «Ұзан» өлеңінде:

«Мен Отпын, өртпін ғой мен лапылдаған,

Лебіме жан шыдамас жақындаған.

Болғанда өзім жерде,

Тәңірім Көкте,

Шерімді Саған айтып, лақылдағам...», – деп, өзіндік «Менін» отқа балап, ал, отты «өртпен» перифраздап түрлендіреді. Ақын басқа бір өлеңінде «өлең» көмегімен өзіндік «Менін» түсіндірмек:

«Алладан жоқ басқа түк мында.

Алашым, сабағы ем көгіңнің, –

Арыңнан өксіп боп шықтым да,

Аузыңнан өлең боп төгілдім». Ақын басқа бір өлеңінде «Менді» тұлғалайды:

«Түбім – Күлтегін.

Төңірегім – Біржан сал.

Қаным – Қасым-ды».

Ақын Ақберен Елгезек өзіндік «Менін» былай жеткізеді:

«Жапырағындай еменнің,

Әріптеріндей Өлеңнің...

Ұлы Нұрдың

Сұп-сұлу

Ұшқынымын!

Өренмін!»

Өзін еменнің жапырағына, өлеңнің әріптеріне теңеген ақын келесі тармақтарында Ұлы нұрдың көркем ұшқынына балап, әуелгі екі тармаққа

ұйқастап «өренмен» түйіндейді. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «өреннің» екі мағынасы көрсетілген екен: ұрпақ және үздік. [132, с. 657] Ақын екеуін де бірге пайдаланып үздік ұрпақпын дегендей.

Қайрат Сабырбаев «Ақындық міндет» өлеңінде бейнелеуді ой мен сананы метафоралау үшін пайдаланады:

«Бірде бұлай, бірде олай күй кешіп,
Көңіл – ұшқыр, ой – нәресте, ми – бесік.
Көкіректе керней түсті көп сұрақ,
Өлеңменен кетпейінше үйлесіп».

Ақынның «ойды» сәбиге балап, «миды» бесік ретінде бейнелегені өте ұтымды: түрлі ұғым һәм түрлі жағдаят ақынның оқырманға жеткізбек болған ойын дәл түсіндірмек.

Рафаэль Ниязбек «Махамбет» сериясында жариялаған «Махамбет майданында» көптеген бейнелеулерді пайдаланып, Махамбет жыраудың образын сомдайды:

«Қараулықпен мен туғам алысқалы,
Алқымында шеңгелім қарысқалы.
Елім – садақ болғанда,
мен – жебемін,

Атылғанда ұшатын алысқа әлі». Бұл шумақтарда кезінде қазақ елінің «депутаты» болмыш жырауға ақын дәл келетін бейнелі анықтама келтіреді: елдің мұң-зарын, шағымын хан-сұлтанға жеткізу жыраулардың борышы екенін «садақтың жебесіне» көркемдеп көшіреді. Ал, мына бір өлеңінде Махамбет ақынның өзіндік «Менін» бейнелемек:

«Мұзға салсаң –
Мұз жаратын кемемін.
Құзға салсаң –

Құз жаратын жебемін». Кеме мен жебе ұйқасып қана қоймай, ақынның жыраулық мінезін мүмкіндігінше айқын анықтамақ.

Ақын Ерболат Баят «Ұмытпаса болды мені елім» немесе Үмбетей жыраудың соңғы сөзі» өлеңінде де көптеген бейнелі сөздерді байқаймыз:

«Мен –

Бөріден туған азулы арлан қасқырмын.

Қара нөсер, қабарған бұлтпын, тасқынмын...

Мен –

Туада біткен тумысы бөлек тұлпармын.

Қиядан ілер қырғидан бетер сұңқармын...

Мен –

Қарашада жауар қағынған қарлы нөсермін,

Тас төбеңді әлі тамшыдай сөзбен тесермін...»

Ақын әрі қарай жырау атынан «өткір алдаспан», «алтын жебе» екенін айтып, соңғы шумағын «Ұмытпаса болды, ұмытпаса болды мені Елім» деп аяқтайды. Ақын Үмбетей жыраудың мінезін ғана емес, әділетшіл де аршыл, ерлік-елдікті ту еткен жыраулардың барлығына тән қайсар да батыл болмысты әр түрлі құбылыстарға балап сипаттағандай. Өйткені «қасқыр» мен «тасқынға», «тұлпар» мен «сұңқарға», «нөсер» мен «бұлтқа» баланған мінезді жырау біткеннің бойынан таба аламыз.

Индира Кереева да метафораны қолданудың ерекше жолын тапқандай:

«Біз екеуміз.

Әлемдегі қос нүкте,

Қосылдық та леп белгісін құрадық».

Қос нүктенің де, леп белгісінің де – екеуінің қызметі де, міндеті де басқа-басқа, бірақ ақынның өлеңінде қос адамның арасындағы сезімді, байланысты білдіру үшін қызметтес бола салғаны – көркем тапқырлықтың жемісі.

Айқындау мен теңеу, бейнелеу мен психологиялық параллелизм жыраулық дәстүрдің негізгі құралдары болса, аталмыш көркемдеуіш құралдар қазіргі қазақ

поэзиясында өз маңызын жоғалтпай, керісінше ерекше құбылтудың, өзгеше салыстырудың бірден-бір көркем жолы іспеттес.

Жер-су, тау-сай... Кеңістіктің бәрі-бәрі де ақын үшін метафора. Ақын ұлттық «Менді» түсіндіру үшін үшін кеңістікті метафоралағанын да байқаймыз:

«Мен көшпенді ұлымын,
Қара жер – шаңырақ,
Көк аспан – түңлігім.
Тамырымда тасиды
Қара Ертіс,
Қара Алтай – кіндігім.
Жаурыным – дөштінің даласы,
Жон-жотам – Қаратау сағасы.
Маңдайым – күн сүйген Сарыарқа,
Таңдайым – домбыра шанағы.
Орақ ай – от садақ,
Найзағай – жебесі,

Көкше мен Хантәңір – көбесі...» Ақын Ұмтыл Зарыққан «көшпенді ұлын» кеңістік көмегімен көркемдеп бейнелейді: қара жерден бастап көк аспанға дейін – барлығы ұлттық «Менді» жан-жақты сипаттауға жұмылдырылғандай. Ақынның соңғы шумағы да түркі болмыспен, түркіге тән тұрмыспен метафоралы аяқталғаны да өзгеше бір әсерлі:

«Көк Тәңір – панасы,
Көк Түрік – анасы.
Мен көшпенді баласы».
Мұрат Шаймаран мына бір өлеңіне назар аударайық:
«...Мен де сенің бөлтірігің, (сене бер)
Жанарыңның жасыл отын бере гөр!
Өтер ме едім, кетер ме едім мәңгүрт боп
Өзіңді ембей, доңызды емсем мен егер?..

...Ұлимын мен, анам – бөрі (бар шыным!)

Бар күдіктің тұманынан аршылып,

Қалар менің ащы, азалы дауысым,

Қара аспанның көкірегіне шаншылып...», – деп ақынның өзін «бөлтірік» деп бейнелеп, көнетүркілік аңызды мотив ретінде қолданып, дәуіріне қарай жаңғырта қолданғанын байқаймыз. (Рафаэль Ниязбек «Маймылдан Дарвин тараса, // Қасқырдан өзім тарағам...» десе, Мұрат Шаймаран доңыз ембегеніме шүкір, мәңгүрт болып кетер ме едім, деп айтады.)

Қазіргі қазақ поэзиясындағы бейнелеудің қалай қолданғанын зерделеп жасаған қорытындымыз: қазіргі кезең ақындары жаңашыл ақын деп аталса да, көнеден келе жатқан дәстүрді сақтап бейнелеуді тек сөзді әсерлі етіп, ажарландыра жеткізу үшін ғана емес, ақындық парызын, өзіндік «менін» өзгеше түсіндіру үшін қолданбақ.